

ISSN 1563-0269  
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Тарих сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия историческая

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

of history

---

№1 (88)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018



# ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 1 (88)

ISSN 1563-0269  
Индекс 75871; 25871



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Қартаева Т.Е.**, профессор т.ғ.к. (Қазақстан)  
Телефон: +727-377 33 38 (1288)

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Кәрібаев Б.Б.**, профессор, т.ғ.д. – ғылыми редактор (Қазақстан)  
**Ноғайбаева М.С.**, т.ғ.к., доцент – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)  
**Әлімғазинов Қ.Ш.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
**Сұлтанғалиева Г.С.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
**Омаров Ғ.Қ.**, т.ғ.д., доцент (Қазақстан)  
**Омарбеков Т.О.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
**Жұмағұлов Қ.Т.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
**Қалыш А.Б.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
**Миша Майер** – Эберхард Карл атындағы Тюбинген университеті Ежелгі тарих институты директоры, профессор (Германия)  
**Юлай Шамильоглу**, Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)

**Уямо Томохико**, Хоккайдо университеті славян-еуразиялық зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, профессор (Жапония)  
**Ожал Огуз**, Түркия Республикасының ЮНЕСКО ұлттық комиссиясының президенті, академик (Түркия)  
**Мехмет Шахингоз**, Гази университеті, профессор (Түркия)  
**Гзавье Аллез**, әлеуметтік ғылымдар институтының профессоры (Франция)  
**Тишкин А.А.**, Алтай мемлекеттік университетінің профессоры (Ресей)  
**Петер Финкель**, Цюрих университетінің профессоры, Этнология институтының директоры, профессор (Швейцария)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Дүйсенбекова Ж.Қ.**, оқытушы (Қазақстан)

Тарих сериясы Отан тарихы, Дүниежүзі тарихы, деректану, тарихнама, археология, этнология, түрік халықтарының тарихы, тарихи тұлғалар, мұражай ісі, мұрағаттану бағыттарын қамтиды.



## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

**Гульмира Шаққозова**  
Телефон: +77017242911  
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

**Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы**

## Компьютерде беттеген

**Айгүл Алдашева**

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

**Керімқұл Айдана**  
Телефон: +7(727)377-34-11  
E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

## ИБ № 11914

Басуға 27.03.2018 жылы қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 22 б.т. Офсетті қағаз.  
Сандық басылыс. Тапсырыс № 1928. Таралымы 500 дана.  
Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

**Қалшабаева Б.К.,<sup>1</sup> Бейсегулова А.К.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: kalshabaeva\_@mail.ru

<sup>2</sup>PhD докторант, e-mail: aika\_n75@mail.ru

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ТҮРКІЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ  
ЭТНИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІЛІГІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жұмыстың мақсаты Түркиядағы қандастарымыздың дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір этникалық иденттілік мәселелерін айқындау. Міндеті – қарастырылып отырған аумақтағы қазақтардың қоныстануындағы мәселелер, олардың қоныстарындағы орналасу ерекшеліктері, олардың орналасуына орай өмір сүру тәсілі, кәсібі, дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір этникалық иденттілікті (сәйкестілікті) көрсету, салыстыру, сипаттау.

Зерттеудің әдістемесі этникалық иденттілік мәселелерін талдау және мәселені кешенді және жүйелі қарастыруға мүмкіндік беретін примордиалистік бағыттағы концепцияларға сүйенеді. Примордиализм концепциясы бойынша өзін белгілі бір этнос тегіне жатқызу генетикалық кодта берілген деген тұжырымға сүйене отырып, Түркиядағы қандастарымыздың этникалық иденттілігінің (сәйкестілігі) негізінде дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен ерекшеліктері мәселесін қарастырамыз. Зерттеу жалпы ғылыми тарихи қағидаға, жүйелілікке, салыстырмалы және экспериментальды талдауға негізделеді. Тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде Түркия қазақтарының этникалық иденттілігі (сәйкестілігі) қарастырылады. Түркиядағы қандастарымыздың өмір сүру тәсілінің өзгерістеріне ықпал еткен факторлар анықталады.

**Түйін сөздер:** Түркия қазақтары, этникалық иденттілік, қоныстану мәселелері, примордиалистік бағыт, кәсіптеріндегі ерекшеліктер.

Kalshabaeva B.K.<sup>1</sup>, Beisegulova A.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctor of Historical Sciences, Professor, e-mail: kalshabaeva\_@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, e-mail: aika\_n75@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Some problems of ethnic identity of kazakhs in Turkey**

The purpose of the work is to identify some issues of ethnic identity in traditional Kazakh culture in Turkey

The task of scientific work is to reflect, compare and describe some ethnic identities of Kazakhs residing in the territory under consideration, their living conditions, their way of life, profession, traditional culture.

The methodology of the study is based on an analysis of the problems of ethnic identity and the concepts of a primitive-oriented approach that allow a comprehensive and systematic review of the problem.

Based on the conclusions of the concept of primordialism, we are considering the question of the preservation and features of traditional culture based on the ethnic identity of our compatriots in Turkey, based on the conclusion that the identification of a specific ethnos is given in the genetic code.

The study is based on general scientific history, consistency, comparative and experimental analysis. Based on the historical-comparative method, the ethnic identity of the Kazakhs in Turkey is considered. The factors influencing the change in the way of life of our fellow citizens in Turkey are determined.

**Key words:** Turkish Kazakhs, ethnic identity, problems of resettlement, primary, features in the professions.

Қалшабаева Б.К.<sup>1</sup>, Бейсеғұлова А.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доктор исторических наук, профессор, e-mail: kalshabaeva@mail.ru

<sup>2</sup>PhD докторант, e-mail: aika\_n75@mail.ru

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### Некоторые проблемы этнической идентичности казахов Турции

Целью работы является определение некоторых вопросов этнической идентичности в традиционной культуре казахов в Турции.

Задача научной работы – отразить, сравнить и описать некоторые этнические идентичности казахов, проживающих на рассматриваемой территории, их особенности проживания, их образ жизни, профессию, традиционную культуру.

Методология исследования основана на анализе проблем этнической идентичности и концепциях примитивно-ориентированного подхода, позволяющих всесторонне и систематически рассматривать проблему.

Основываясь на выводах концепции примордиализма, мы рассматриваем вопрос о сохранении и особенностях традиционной культуры, основанной на этнической самобытности наших соотечественников в Турции, на основе вывода о том, что идентификация конкретного этноса дается в генетическом коде.

Исследование основано на общей научной истории, согласованности, сравнительном и экспериментальном анализе. На основе историко-сравнительного метода рассматривается этническая идентичность казахов в Турции. Определены факторы, влияющие на изменение образа жизни наших сограждан в Турции.

**Ключевые слова:** турецкие казахи, этническая идентичность, проблемы расселения, первичность, особенности в профессиях.

### Кіріспе

Қазіргі тарих кез келген ұлттық межелерді салыстырмалы ететін жаһандану үдерісі дамуы қарқындылығының ақиқаты. Жергілікті (локальды) қауымдастықтардың негізгі бөлігінде үнемі болып жатқан модернизация, этнологиялық интеграция, жалдамалы еңбектің жаһанға таралуы және әлем бойынша адамдардың әртүрде орын ауыстыруы оларды белгілі бір ұғымда ұқсас (сәйкестілік) етеді. Ал, бұл үдеріске қарсы табиғи реакция, ол жершілдіктің (көбіне этникалық, діни) бір кезеңде дамуы, яғни өзін сол үдеріске қарсы қоятын сеператистік сипат алады. Олардың мақсаты өзін басқалардан ерекшелендіретін этникалық белгілерінің сақталуын қорғайды. Бұл бағыттың түйісінде ерекше маңыздырағы этникалық иденттілік (сәйкестілік), яғни индивидтің сол не басқа этносқа жатуы (Қалшабаева, 2016: 123).

Этникалық иденттілікті қарастырғанда кез келген халықтың этникалық бірлігі, мінез құлқындағы өзіндік белгілері, талғамы, құндылық бағыттары ортақ, ұқсастығымен ерекшеленеді. Біз қарастыратын тақырып тарихтың зобалаң жылдарында туған жерінен, ата-мекенінен жат жерлерге қоныс аударған қандастарымыздың этникалық иденттілігі мәселелері болып табылады. Тарихи этнографиялық зерттеулерде шет жерлерге ауған қазақтардың қоныс аудару себептері, тарихи тағдыры, мәдениетінің

сақталуы мен өзгерісі және әлеуметтік мәдени мәселелері қарастырылғанмен, олардың этникалық иденттілік мәселелері зерттелмеген. Жалпы алғанда, этникалық иденттілік мәселелері кейінгі кезеңде қолға алынып жатқан өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе бойынша көбіне философиялық, әлеуметтік тұрғыда зерттеліп жүр. Атап айтқанда З.К. Шаукуенованың «Этническая, конфессиальная и социальная идентификация» (Шаукуенова, 2004), М.С. Шайкемелевтің «Казахская идентичность» (Шайкемелев, 2013), Т.Т. Оспановтың зерттеулерінен көрініс табады (Оспанов, 2016). Ал этнологиялық сипаттағы зерттелген еңбектер жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда біздің қарастырып отырған мақаламыздың өзі алғашқы ізденістер деуге болады. Жат жерге қоныс аударуда көші-қонның ауыр азабынан, тұрмыс тауқыметінен жанынан, малынан айырылған отандастарымыздың сағы сынбай, өзінің ішкі этникалық бірлігін сақтап қалуы мен этникалық иденттілігін (сәйкестілігін) зерттеу тақырыптың өзектілігін аңғартады.

Мақаланың зерттеу нысаны – ондаған жылдар бойы басқа этникалық ортада өмір сүріп жатқан Түркия мен Қытай қазақтарының этникалық иденттілік (сәйкестік) мәселелері. Зерттеудің мақсаты Түркия және Қытайдағы қандастарымыздың дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір этникалық иденттілік мәселелерін айқындау. Міндеті – қарастырылып отырған аумақтағы қазақтардың қоныстануындағы

мәселелер, олардың қоныстарындағы орналасу ерекшеліктерінің этникалық психологияға ықпалы, өмір сүру тәсілі, кәсібі, дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір этникалық иденттілікті (сәйкестілікті) көрсету, салыстыру, сипаттау.

### Материалдар мен әдістемесі

Зерттеудің әдістемесі қазіргі этнология ғылымында негізгі концептуальды тәсілдердің қалыптасуы мен дамуында үлкен үлес қосқан Қазақстан және шетелдік этнологтардың теориялық тұжырымдары мен концептуальды қағидаларына сүйенеді. Олардың ішінде аталған тақырып аясында примордиалистік бағыттағы концепцияларға сүйенеміз, ол этникалық иденттілік мәселелерін талдау және мәселені кешенді және жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, примордиализм концепциясы бойынша өзін белгілі бір этнос тегіне жатқызу генетикалық кодта берілген (Этнология, 2015). Яғни, этникалық иденттілік мәселелері этностың бастапқы қалыптасуында ақ көрініс береді. Ал қазақ этносының иденттілігі қай жерде, қай ортада болмасын басымдығымен ерекшеленеді.

Зерттеу жалпы ғылыми тарихи қағидаға, жүйелілікке, салыстырмалы және экспериментальды талдауға негізделеді. Сондай-ақ, методологиялық арсеналда ғылыми-қолданбалы әдістер: этнопсихологиялық және далалық этнографиялық әдістерді қолдану негізге алынады. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс Түркия қазақтары мен Қытай қазақтарының этникалық сәйкестілігін анықтауға, корреляциялық талдау әдісі саяси-экономикалық, әлеуметтік құрылымы бөлек, бөгде мемлекет жағдайында халық ретінде дамуын, дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісін саралау үшін қолданылады.

Этникалық иденттілік халықтың этникалық мәдениеті: әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен, мінез-құлық стереотипі, тіл, дін, т.б. жақтарынан көрініс табады. Этникалық иденттілікте мәдени құндылық өте жоғары, ол басқа кез келген әлеуметтік топқа қарағанда тұлғаға өзін-өзі көрсетуге зор мүмкіндік береді. Сонымен бірге этникалық иденттілік жекелей тырмысу, күштеу жолымен емес, туылғаннан бастап-ақ, не белгілі бір этникалық ортада ерте кезеңдегі тәрбиеден қалыптасады. Дегенмен де ертеден қанына сіңген әдет-ғұрып, салт дәстүр, этникалық менталитет шет елдерге тараған қандастарымызда өзгеріске түсті ме, әлде жоқ па, осы мәселелерді қарастырамыз.

### Қазақтардың қоныстануындағы кейбір мәселелер

Бір географиялық аумақта өмір сүру этностың тұтастығына, бірлігіне жағдай жасайтындығы белгілі. Сол сияқты, Түркия және Қытайдағы қазақтардың басым бөлігінің ежелден мекен етіп ата қоныс еткен жерлерінің бірі Алтай өңірі мен Шығыс Түркістан аумағы болды. Бірақ, аталған аумақта ондаған жылдар бойы өмір сүріп, тұтастығын сақтаған қазақтар Ресей патшалығы мен қытай өкіметінің қыспағы және Кеңес өкіметі кезеңіндегі солақай саясат зардабынан шеткері аумақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Осының салдарынан кезінде ата қонысы, өмір сүрген аумағы бір болған қандастарымыз бүгінде екі бөлек елдің (Түркия, Қытай) иелігіндегі территорияда өмір кешуде. Олардың қоныстануы жөнінде Г.М. Мендикулова: «Цинь өкіметінің 1757 ж. жоңғар хандығын жоюы, олардан азат етілген Ұлы және Орта жүз руларының көші-қоны, жайлаулары Қытайдағы Цинь өкіметі иелігіне өтуі қытайдағы қазақ ирредентінің қалыптасуына ықпал етті» – деп көрсетеді (Мендикулова, 1997: 62). Ақиқатында, жоңғар хандығы басып алған Орталық Азия халықтарының жерлерін Цинь мемлекеті өз қарамағына қосып алады.

Қазақтар өздерінің ертеден иелік еткен жерлерін қайтаруға да бірнеше рет әрекет еткенмен, ол нәтижесіз қалады. Ал, басып алған иеліктерді Қытайға қосып алуы Цинь өкіметінің Орталық Азиядағы әскери-саяси ықпалын күшейте түседі. Олар енді сыртқы саясатында «бөліп ал да, билей бер» бағытын жүргізеді. Соның дәлелі қазақтарға қарсы басқыншылығын ашық көрсете отырып, 1762 жылы қазіргі Іле округінде өздерінің әскери басқармасының Бас штабының филиалын орналастырды (Svanverg, 1989: 27). Қытай-қазақ тарихының маманы, ғалым Н. Мұхаметханұлының айтуынша осы жылдары Үрімшеде қытай губернаторының ставкісі құрылып, оның билігі құрамына Тарбағатай, Іле және Қашқар аймағы жерлерімен бірге халықтар да енеді (Мұхаметханұлы, 1996: 40). Міне, бұл жағдай да қытайдың билік құрсауындағы қазақтардың санын толықтыра түсті. Қытайлар қазақтарды өз мекені Іле өзені бойы жерлерінен, Алакөл, Тарбағатай және Ертістің жоғары бөлігінен де қуу саясатын жүргізеді. Бұл кезеңдер қазақ пен қытай арасының шиеленіскен кезеңдері деуге де болады. Бірақ қазақтардың қытайларға қарсы

бірнеше шапқыншылығынан кейін, 1767 жылдары Монғол Алтайы және Іле өлкесіндегі кейбір жерлерін қайтарып алады. Қазақтардың орта жүз руының бір бөлегі Іле өзені бойына қоныс аударып, қытай императорының билігін мойындайды (Мендикулова, 1997: 68, 69). Ал, ендігі бір тобы орта жүздің найман рулары, каракерей және төртуыл тармақтарынан тараған кейбір рулар, уақ тайпасының ішінара тайпалары және он екі абақ керей рулары Іле өлкесіне ішкерілей ене берді (Оралтай, 1999: 168).

XIX ғасырдың соңында Алтай мен Тарбағатай өңіріне қазақтар көптеп қоныстана бастады. Бұл жерлер де қазақтардың жайылымына тарлық етіп басқа аумақтарға да қоныс аудару бастады. Осы жөнінде Жәди Шәкенұлы: «Алтай, Тарбағатайдағы бір бөлім қазақтар Баркөл, Шонжы, Жемсары, Фуқаң, Санжы, Құтыби, Шиху, Сауан жерлеріне барып қоныстанады», – деп жазады (Шәкенұлы, 2010). Бұл деректер қазақтардың қазіргі қытай жері аумағындағы мекенге тұрақтай түскенін көрсетеді. Сонымен қатар қазақтар басқа да зұлматтар зардабынан ауа көшу арқылы тарихи Отанынан алшақтай берді. Осы жөнінде ғалым Н. Мұхаметханұлы: «XIX ғ. соңында Алтай аймағындағы бір бөлім тайпалардың (Тарбағатайдағы кейбір рулар да бар) Алтайдан Қобдаға және Шыңжаңның шығысына дейін қоныс аударды. Тіпті, одан әрі Гансу, Тибет өлкесіне дейін босып баруының өзіндік қоғамдық себептері болды. Ол аймақтардағы қоғамның қатігездігі Алтай мен Тарбағатайдағы қазақтардың біраз бөлігінің қоныс аударып, босып кетулеріне мұрындық болды», – деп жазады (Мұхаметханұлы 1996: 174). Міне, бұл дерек Түркия қазақтарының негізгі бөлігінің ата-бабалары XIX ғасырда Шығыс Қазақстан аумағы мен Қытайдың қол астындағы Шығыс Түркістан аймағында өмір сүргендігін дәлелдейді. Олар тарихтың зобалаң жылдары Тибет, Гималай, Пакистан, Үндістан асып шет жерлерге қоныс тебеді. Ұзақ та, ауыр кезеңдерді бастан өткізіп, мал-жанынан айырылған қазақтың аз ғана тобы (5 мыңға жуық адамнан 2,5 мың адам қалған – Қ.Б.) ол жерлерде кәсіпкершілікпен айналысып күн көреді. Кейін келе ес жиып, діні, тілі бөлек жат жерде құрып кетпеудің амалын іздеп 1950 жылдары мұсылман туыстас елдердің біріне қоныс тебейік деп шешіп, Түркия еліне қоныс аударды. Қазақтар Түркияға қоныс аударғанда сол баяғы орналасудың дәстүрлі жүйесі бойынша рулық-туысқандық белгісіне қарай қоныстанып, бір ауылды қоныс етті. Қоныстанудағы бұл

жүйе олардың біртұтас ретінде дамуына, яғни ынтымақтастығы арқасында экономикалық әлауқатын көтеруге ықпал етті. Қазақ диаспорасы қандай қиыншылықты басынан өткізсе де ежелден келе жатқан патриархалдық рулық қауым тәртібі олардың қоныстану, орнығу жүйесіндегі қағидаларына селкеу түсіре алған жоқ. Бұл тәртіп XX ғ. 60-70 жылдарына дейін сақталды. Дегенмен де саяси-экономикалық құрылымы бөлек, тілі мен дәстүрлі мәдениеті өзгеше елде қазақ диаспорасының этникалық иденттілігін сақтап қалуы мүмкін бе деген мәселе туындайтыны анық. Енді осы мәселелерді талдап көрейік.

*Кәсіптеріндегі ерекшеліктер.* Қазақ халқының негізгі шаруашылығының бірі мал шаруашылығы. Мал жайылымының ыңғайына қарай қазақтардың көші-қоны бірнеше мыңдаған километрге дейін жеткендігі белгілі. Қазақтардың бір бөлігінің Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Іле аумағында қоныс тебуі де осы дәстүрлі шаруашылықпен байланысты болғандығын естен шығармауымыз керек. Тарихқа көз жүгірте отырып, Түркия мен Қытайдағы қазақтар сол өзінің дәстүрлі шаруашылығын сақтап қала алды ма? Әрине, қытай қазақтарына келсек, олар өзінің сол дәстүрлі мал шаруашылығы кәсібін онан әрі қарай дамытып отыр десек, ал Түркиядағы қазақтардың басым бөлігінің кәсібі бүгінде өзгеріске ұшыраған. Зейтінбұрындағы қазақтардың айтуынша алғашқыда оларға мал беріп, мал шаруашылығын өрістетуге және егіншілікпен айналысуға жағдай жасаған. Түркия өкіметі қазақтардың тұрақты өмір сүретін аудандарын анықтап, оларды Түркияның Маниса, Кония, Алтай сияқты аймақтарына орналастырған. Егін шаруашылығымен айналысу үшін шамамен 35,955 гектар тегін жер бөліп бергендігі жөнінде Мансұр Тәйжі өз сұхбатында әңгімелейді (1). Алғашында қазақтар ауылдық жерлерде егіншілікпен – бидай өсірумен айналысқан. Шаруашылықтың бұл түрі Конияға қоныстанған қазақтарда дамыды. Себебі, оның жері кең жазықты, егіншілікке қолайлы болып келеді. Оларды үкімет жермен, ат арбамен қамтамасыз етіп, көмек берген. Қазақтар 10-20 кісіден бірігіп, жер жыртып, егін еккен. Осы жөнінде 2012 жылдары Түркиядағы қазақтар қауымдастығының төрағасы болған Дервиш Қылыш: «1952 жылы Түркия жеріне алғаш келген қазақтарды Стамбулдың Зейтінбұрынына көшіріп әкеледі. Одан кейін оларды үш қалаға: Кония, Нида, Манисаға бөледі. Оларды баспамен қамтамасыз ете отырып, егіншілікпен айналысу үшін жер береді. Әрине, өмірінде қайла-

күрек ұстап, егін егіп көрмеген қазақ берген жерді игере алмаған соң, алғаш келген жерлері Стамбулдағы Зейтінбұрынға қайта көшіп барады. Бұл жерде қолөнермен әсіресе тері жұмыстарымен айналысады – деп жазды (Бөже, 2008). Иа, бірнеше жылдар бойы Үндістанда, Пакистанда күн көрістік үшін кәсіпкершілікпен: тоқыма тоқу, тері өңдеу, т.б. айналысқан олар мал шаруашылығымен қайта айналысуға бара қойған жоқ. Алғашқы кезде рубасылар, көшбасшылар ақылдаса отырып, халыққа шаруашылықтың қандай саласымен айналысу керектігі жөнінде де жол көрсете білді. Алынған мәліметтерге қарағанда қазақтар Түркияға келгенде капиталсыз, босқын ретінде келгенін, сондықтан олар қандай жұмыс табылса да барлық түрімен айналысқан. Мәселен, он жылдай жол салу, құрылыс секілді қара жұмыстарда істегендіктерін айтады (II). Ақиқатында бұрынғы ата кәсібі мал шаруашылығымен қазақтардың айналысуы Түркияда мүмкін емес еді. Осы жөнінде Әбділуақап Қара: «XX ғасырдың екінші жартысында Түркияда Алтайдағыдай мал өсіріп ары-бері көшіп-қонып жүруге мүмкіншілік жоқ еді. Қарапайым халық түгіл, бұрын ел бастаған көшбасшыларының өзі бала-шағаның несібесін табудың қамын ойлауға мәжбүр болды. Олар біреуге кіріптар болып алақан жаймай күн көрудің жолын іздестірді. Ақырында қол өнерімен, ата кәсіптерімен айналысып, нан табудан басқа шара таба алмады. Сөйтіп жаңа өмір басталды. Бұрын ел бастаған тәйжілер, үкірдайлар мен зальыңдардың өзі тері иледі. Қолға ине, тебен алып теріден қолғап, қалпақ, тон сияқты бұйымдар тікті. Тіпті сол тіккен бұйымдарын базарға апарып сату үшін дорба мен дағар арқалады», – деп жазды (Қара, 2008). Қазақтың әрбір отбасында ең болмағанда бір тігін мәшинесі болған. Олар теріден қолғап, бас киім, шапан тігіп, базарда сатып, кәсіпкершілікпен де айналысқандығы жөнінде, Омар Жігіт те берген сұхбатында айтып өтеді (III).

Осындай кәсіпкершіліктің нәтижесінде табыстары көбейіп, жағдайлары жақсарады. Осы өндірісті дамыту үшін алдымен ауылдарына жақын қалаларға, кейіннен Стамбул, Измир, Анкара сияқты ірі сауда орталықтарына көшкен отбасылар көбейді. Түркия елі өкіметі қоныс аударған қазақтарға түрік тілін оқытып, мамандануына сәйкес жұмыстар тауып орналастырды. Мамандығы болмағандары кілем тоқу, ағаш ою үйірмелеріне жіберді. Ерлер теміржолда, кеме өндірісі кәсіпорындарында жұмыс істейді. Олар да кейін келе өздері кішігірім кәсіп иесі болып

тақия, дорба тігу, сату секілді жеке істерге көшеді. Сөйтіп қолдарына аздап ақша түскеннен кейін ақсақалдардың жетекшілігіндегі ұйымшылдық, берекемен 5-10 кісіден, тіпті кейде 20-30 кісіден ақшаларын біріктіріп, 1960 жылдардың аяғында тері мен пластика саласында үлкен зауыт орындары, тері киім тігу цехтары мен магазиндерін аша бастайды. Мәселен, олар 10 тері, 30 пластик жасайтын зауыттар ашып, өнімдерін Еуропалық елдерге де шығарады. Бұл үрдіс өткен ғасырдың 70-ші жылдарында белең алып, 1980–1995 жылдар аралығында өркендей түсті. Осы кезде Стамбул қазақтары 40-тай жеке кәсіпорынға ие болды (IV). Осыған байланысты Әбділуақап Қара: «Қазақтар 1960 жылдардан бастап біртіндеп үлкен қалаларға, әсіресе Түркияның сауда орталығы болған Стамбул қаласына ойыса бастады. Алдымен жастар келіп қолға күрек, кетпен алып құрылыс және темір жол және басқа құрылыстарда жұмыс істеді. Олар жер қазып, құм мен цемент тасып Ыстамбұлда тұрақтап қалудың амалын іздеді. Осылайша кіріс келтіріп ақша таба бастағаннан кейін ауылдағы бала-шағалары мен ата-аналарын Стамбулға қастарына алды. Осыдан кейін біртіндеп қол өнеріне ауысты. Теріден қолғап, бас киім тікті. Осы орайда кіші кәсіпорындар ашты. Сөйтіп аздап қалтада капитал пайда бола бастады. Осы кезде бұрынғы ел бастаған жетекшілер біртіндеп шаруашылық жетекшілерге айналды. Олар 30-40 кісінің басын біріктіріп үлкен капитал жасады да өздерінің алғашқы пластика өндіретін зауыттарын құрды. Оларға Алтайлықтар, Түркістандықтар және Баркөл секілді туған жер атауларын еске түсіретін есімдер берілді. Кейбір қазақтар осы ұйымшылдықты тері саласында көрсетті. Ірі тері киім өндіретін фирмалар құрылды. Олардың бір екеуі Европа елдеріне шығаратын сапалы бұйымдар өндіретін дәрежеге жетті», – деп жазды өз мақаласында (Қара, 2012). Берілген материалдар қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының өзгеріске түскендігін көрсетеді.

Түркия қазақтарының тұрмыс-тіршілігі көбіне тері өңдеп, киім тігіп, дүкен ұстап саудасаттыққа негізделген. Олар бұйымдарының сапасын арттыра отырып, сол тұрғылықты жерлеріне, Еуропа елдеріне саудаға шығарған. Мысалға байырғы ата қонысынан жырақтағы Дервиш Қылыштың әкесі 1963 жылдан бері осы кәсіпті нәсіп еткен. Енді ол тері өнеркәсібі ісін жалғастырып, бизнестің қыры мен сырын өз баласына үйретеді. Оның иелігінде тері өңдейтін фабрикалар, тігін фабрикалары және теріден жасалған киімдер сатылатын дүкендері

бар. Түркиядағы қазақтардың біразынан сұхбат алғанымызда олардың негізгі бөлігі терімен айналысып, тон, күртеше, бас киім т.б. өндіріп, тері өңдеп, саудамен айналысқандығы жөнінде айтады. Біздер тері кәсіпкершілігімен айналысқанымызда түріктер кәсіптің бұл түрін әлі игере қойған жоқ еді. Бүгінде қазақтардың арқасында тері өңдеу, тігу кәсібін меңгеріп, бүгінде үкімет 1,5 млрд. доллар пайда тауып отыр (V).

Қазақтардың тері кәсібімен алғаш айналысуы Үндістаннан бастау алатындығы жөнінде тарихшы Амандық Қорғанұлы «Түркістан» газетінде: «Қазақтар Үндістанда әртүрлі кәсіпкершілікпен айналысып, негізінен, теріден бас киім мен киім тікті, кейбіреулері тігін машиналарын сатып алып, өз істерін жолға қойып, өз дүкендерін ашты» – деп жазды (Қорғанұлы, 2012). Алғашында қазақтар теріні түріктерден алып, бас киім, қолғап, сумка тіксе, кейін келе тон тігумен айналыса бастады. Қазіргі қазақ орталығының басшысы былай дейді: «Бұрын 1955-1970 жылға дейін Кония деген қаланың Исмир ауылында тұрдық. Онда қазақтардан басқа 300-400 үй түріктер де тұратын. Баспананың материалдарын мемлекет берді. Басында мал ұстаған жоқпыз, 20-30 адам жиналып бидай ектік, қазіргі кезеңде ол егістік жерлерді жалға беріп қойдық. 1970 жылдары жастардың көбі теріден күртеше кие бастаған соң қазақтар соны тігіп, дамытып, бүгінде экспортқа шығарылуда», – деп әңгімеледі (I). Сонымен қатар ақпарат берушілерден Түркия жерінде киіз үй тігіп, жылқы ұстайтын қазақтардың барлығында естідік. Соның бірі Стамбулдан алты жүздей шақырым қашықтықта бүгінгі Түркияның үлкен өнеркәсіпті Измир қаласында тұратын Шеризат Дауыр. Оның киіз үй тігіп, жылқы ұстап, қымыз өндіретіндігі жөнінде көптеген баспасөз беттерінен жарық көрді (Қара, 2012. №5).

Қазірде ол жерді Қытай иемденген Шығыс Түркістанның Көктоғайының тумасы болған Әбдімансұр Ақжолдың атасы да 1953 жылы үйішімен Түркияға көшіп келген. Әбдімансұрдың әкесінің тері илейтін цехы болса, өзі еңбек жолын пластмасса өндірісінен бастаған. Сонымен қазақтар аталған аймақтарда егін шаруашылығымен ғана емес, тері және пластика өндірісімен де айналыса бастайды. Оның айтуынша зауытта 500-дей адам жұмыс істеп, ісін дөңгелетіп отыр. Түскен кірістен Стамбулдан 30 шақырымдай қашықтықта өзіне жер, жылқы, өзгедей мал сатып алып, киіз үйлер тігіп, қазақтың тұрмыс-тіршілігінен көрініс беретін шаруа қожалығын да игеруде

(1147 «Қазақ диаспорасы және репатриация. Есеп, 2012). Түркияда тұратын қандастарымыз Ақжолдар әулеті бабадан балаға мұра болған, халқымыздың қазақ тұлпарын өсіретін арнайы орын жасатып, ат баптау өнерін жалғастырса, бір жағынан отандастарымыздың елге, жерге және ата кәсіпке деген сағынышын басып отыр деуге болады.

Қазіргі кезеңде Түркиядағы қандастарымыз мемлекеттің жұмысын істегеннен гөрі жеке өз кәсіпкершілігімен айналысқанды жақсы көреді. Осы жөнінде ақпарат беруші: «Жалпы еркін жүріп қалған қазақ баласы үшін бір партияға кіріп, біреуге бағынышты болу өте қиын. Мәселен, партияға кірсең, сол партияның сойылын соғып, маңайыңа жақтас жинауың керек. Саясаты аумалы-төкпелі Түркияның қыбын табу да оңай емес, сондықтан өз кәсібімізбен шұғылданғанымыз абзал, – дейді (VI). Жоғарыда келтірілген материалдарды қорыта келгенде Түркиядағы қазақтардың шұғылданатын кәсіптері өзгерген. Қазақтың дәстүрлі кәсіптері мал шаруашылығы және егіншілік олардың өмір сүру тәсілінің басты көзі емес екендігін анықталды.

*Қазіргі кезеңдегі этникалық иденттілік мәселелері.* Жоғарыда айтып өткендей, Түркиядағы қазақтардың басым бөлігі Шығыс Түркістан мен Алтай аумағынан қоныс аударғандар. Түркия мен қытай қазақтарының этникалық иденттілік мәселелерін кейінгі зерттеулерде қарастыра жатармыз. Ал, енді осы Түркиядағы қазақтардың ес жиып, сырттағы туғандарын іздеуі өткен ғасырдың 70 жылдарының аяғынан бастау алады. Мәселен, Түркия қазағынан бірінші болып туыс іздеп Шынжаңға сапар шеккен азамат Құсайын Тәйжі 1979 жылы Қытай Халық Республикасына барып бүкіл Шынжаңды аралап өз туыстарын тапты әрі олардың жағдайын білді. Түркиядағы қазақтардың хабарын сондағы қазаққа жеткізді. Туыстарынан шамамен 50 жылдан кейін хабар алған Түркиялық қазақтардың Қытайға туыстық сапарлары жиіледі. 50 жыл бұрын тағдырдың тәлкегімен бір-бірінен айрылған туыстар қауышып, мәдени алмасулар көбейіп, өрісі кеңейіп, рухани мәдениетін жандандыруға мүмкіндік алды. Қытайдағы қазақтар Түркиядағы қазақтармен салыстырғанда өзінің ана тілін жақсы сақтаған. Сондықтан жастар арасында ұмытылып бара жатқан ана тілі қайта жанданды. Бір миллионнан астам Шынжаң қазағының әндері, күйлері мен кітаптары Түркиядағы қазақтардың ықыласына бөленді.



Тәуелсіздік алған жылдары қазақтар Қазақстанға жиі қатынаудың арқасында елден де ұлттық тілдегі әндер мен кітаптар, ақындар айтысы және кинолар әкеліп халық арасына кеңінен таралды. Осы айтыстар жазылған видео магнет таспаларды әрбір қазақ отбасы көшіріп алып қызыға тамашалады. Бұл әрекеттерде қазақ жастарының туған халқына, Отанына деген сүйіспеншілік пен қазақ тілін білуге деген құштарлықты тудырды. Соның арқасында елге келіп оқығысы келетін жастардың саны артты деуге болады. Мәселен, 2007 жылы қарашада Стамбұлдағы Бас консулдың көмегімен «Топкапы» қалалық саябағында «Қазақ мәдениет үйі» мен қазақ тілін үйрету орталығы ашылды. 2008 жылы ҚР БҒМ квотасы бойынша Түркиядағы қазақ диаспорасының екі өкілі Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне дайындық кустарына оқуға жіберілген (Қалшабаева, Бейсеғұлова, 2013). Міне, осындай шаралар екі ел тарапынан да қолдау көріп отыр деуге болады. Әрине, бұл шаралардың барлығы шет елдердегі отандастарымыздың этникалық иденттілік (сәйкестілік) мәселелерін шешуде маңызды.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, байырғы ата қонысынан жырақтап қалған бауырларымыздың көбі

Түркияға келгенде, тері өңдеумен, тігумен, яғни кәсіпкершілікпен айналысады. Оның себебі, мал-жанынан айырылған олар Үндістан, Пакистан елдерінде күнкөріс үшін орамал тоқып сату, киім тігу, тері илеу, т.с.с. кәсіпкершілікке бейімделеді. Түркияға келгенде мемлекеттің ең ірі сауда-қаржы, өнеркәсіп, мәдени және ғылыми орталығы болған Стамбұлда кәсіптерін ары қарай жалғастырады. Бұл жердегі қазақтардың көпшілігі өз кәсібін ашып алған. Бүгінде қандастарымыздың қолынан шыққан тауарлар ТМД елдерінде және шет елдерге де шығарылып жатыр.

Жалпы, өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақтар бизнеске, жеке кәсіпкершіліктер ашуға бейім болса, 1980 жылдан бергі жастар шет елдерде, Түркияда жоғары білім алып, оқыған мамандықтары бойынша қызмет етуде. Әрине, әл-ауқаты көтерілген халықтың саны да артады. Соңғы жиырма жылда қазақ диаспора өкілдері балаларының да білім деңгейі көтеріліп, жастар оқуға мән бере бастады. Қазіргі кезде олардың арасында адвокат, актер, инженер, дәрігер, журналист және т.б. жан-жақты білікті жас мамандар саны көбеюде. Жалпы, Түркиядағы қазақтардың елге, Отанға деген сүйіспеншілігі мықты десек те, ана тілін білмейтін жастардың көпшілігі елге оралуға қорқақтайды, соның салдарынан олар Европада, Түркияда қалуға бейімдігін байқатты.

### Әдебиеттер

- Әбділуақап Қара. (2008) Түркияда 20 мыңнан астам қазақ тұрады. Айқын.  
 Әбділуақап Қара. (2012) Қаймағы бұзылмаған Түркия қазақтары. Сырласу.  
 Бөже Б. (2008) Түбі бәріміз Отанға ораламыз. Айқын.  
 Козьмин В.А., Бузин В.С. (2015). Этнология (Этнография). Москва: Юрайт.  
 Қалшабаева Б.К. (2016). Теориялық этнология. Алматы: Қазақ университеті.  
 Қалшабаева Б.К., Бейсеғұлова А.Қ. (2013). Түркия қазақтары. Алматы: Қазақ университеті  
 Қорғанұлы А. (2012). Үндістан қазақтары. Түркістан.  
 Мендикулова Г.М. (1997). Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ғылым.  
 Мұқаметханұлы Н. (1996). XVIII-XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. Алматы: Санат.  
 Мансұр Тәйжі. (2007). Түркиядағы қазақтар. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығына 15 жыл. Алматы.  
 Svanverg Ingvar. (1989). Kazak Refugees in Turkey. A Study of Cultural Persistence and Social Change. Upsala.  
 Шаукенова З. К. (2004). Этническая, конфессиональная и социальная идентификация. Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан.  
 Шайкемелев М.С. (2013). Казахская идентичность. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК.  
 Шәкенұлы Ж. (2010). Қаралы көш. Алматы: Тұран.  
 Оспанов Т.Т. (2016). Национальная идентичность казахов: социально-философский анализ: Диссертация по соисканию степени доктора философии (PhD) РК Алматы.  
 Хасан О. (1999) Елімайлап өткен өмір: Шығыс Түркістан қазақтарының 1930 жылдан бергі елден және шеттегі ұлт-азаттық күрестерінен көріністер, сондай-ақ Такламакан шөлінде, Гималай тауында, Түркия мен Германияда арпалысып өткен жылдар. Ыстанбұл.  
 ГФ 1147 «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу проблемалары» жобасының есебі. 2012.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Karatayev O.</i> The struggle of the Siberian kyrgyzs against the Russians and Mongols in XVIII century .....	4
<i>Amanzholova D.</i> Language policy and management class formation in the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic. 1920-1936 years .....	12
<i>Muzaffarli D.</i> Grotesque in medieval art of Azerbaijan .....	20
<i>Sultanov T., Karibaev B., Maidanali Z., Rakhimbekova B.</i> The power and authority in the «nomadic empires» of Eurasia (historiography of problem).....	26
<i>Kalysh A.B. Asankanov A.</i> Traditional horseracing and sport games of Kazakhs and Kirghiz in the 19th and the beginning of 20th centuries.....	36
<i>Altayeva A., Altayev A.</i> Social networks in the information and communication space of Kazakhstan .....	43
<i>Sultangalieva G., Koizhigitova Zh.</i> Central Asian uprising of 1916 in modern foreign historiography .....	50
<i>Turgunbayev E.</i> R.G. Kuzeyev's Contribution to the study of the Bashkir Shezhere .....	57
<i>John Clarke, Gulzira Seksenbayeva</i> Visualizing History: The 'Soviet Kazakhstan' Newsreel Series.....	62
<i>Zhakisheva S., Slavko T., Utesheva E.</i> Analysis of foreign policy of the Republic of Kazakhstan in foreign electronic media: application experiment of mathematical-statistical methods and computer technologies.....	71
<i>Kalshabayeva B.K., Imanberlinova G.A.</i> Role and importance of national games in kazakh society in upbringing of young people .....	85
<i>Nurpeisova B.E., Dyussebekova Zh.K.</i> On the formation of financial bodies and financial policy of the Kazakh Republic in the 20s of XX century .....	90
<i>Ashinova Zh.Y., Kim Kyoung Hee, Temirgaly S.B.</i> Factors forming the image of Japan in the countries of Central Asia.....	96
<i>Benediktas Šetkus, Pazilov Ye.</i> Forced labor of deported peoples in the industry of Southern Kazakhstan (the example of Kentau city).....	103
<i>Baibulsinova A., Zhalekenova G.</i> The name of freedom and the future.....	111
<i>Жұмағұлов Қ.Т., Ақынова А.П.</i> Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясы және славяндар.....	120
<i>Кәрібаев Б.</i> Шығай хан .....	128
<i>Мұхатова О.Х.</i> XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы темір жол құрылысы.....	136
<i>Мажитова Ж.С.</i> Образ Срыма Датова в трудах М.П. Вяткина: теоретико-методологические установки и их практическое воплощение. 144	
<i>Қалишабаева Б.К., Бейсеғұлова А.К.</i> Түркия қазақтарының этникалық сәйкестілігінің кейбір мәселелері .....	153
<i>Файзуллина Г.</i> О предпосылках создания музейно-образовательного методического центра в заповеднике-музее «Иссык» .....	161
<i>Жұмекенова Д., Садықов Т.</i> XVIII-XIX ғғ. ескі карталар – Қазақстанның жер-су атаулары тарихының дереккөзі .....	171
<i>Тұрсұн Х., Омаралиев И.</i> Ахысқа түріктерінің қилы тағдыры .....	178